

**Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының арасындағы
Шекарааралық өзендер бойынша сарапшылардың бірлескен жұмыс тобының
қазақстандық бөлігін құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 19 қазан N 1565

Шекарааралық өзендер бойынша қазақстан-қытай консультацияларының үшінші кезеңі (2000 жылғы 23-30 мамыр, Пекин қаласы) барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының арасындағы Шекарааралық өзендер бойынша сарапшылардың бірлескен жұмыс тобының қазақстандық бөлігі құрылсын.

2. Сарапшылардың бірлескен жұмыс тобының қазақстандық бөлігінің жетекшісі істелген жұмыс туралы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне тоқсан сайын хабарлап отырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 0

ж ы л ғ ы

1 9

қ а з а н д а ғ ы

N

1 5 6 5

қ а у л ы с ы н а

қосымша

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының арасындағы Шекарааралық өзендер бойынша сарапшылардың бірлескен жұмыс тобының қазақстандық бөлігі мүшелерінің құрамы

Рамазанов Аманбек

- Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі Су ресурстары жөніндегі комитетінің төрағасы,

Мырзахметұлы

топтың жетекшісі

Ахметов Әбутәліп

- Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы істері жөніндегі комитеті төрағасының

Ібіжанұлы

орынбасары

Асқаров Құдайберген
Асқарұлы

- Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау басқармасының

бастығы

Ахметов Серік
Қабдуәліұлы

- Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі Талдау және жоспарлау департаментінің

басқарма бастығы

Бертісбаев Несіпқұл
Бертісбайұлы

- Қазақстан Республикасы Энергетика индустрия және сауда министрлігі Энергетика және қатты отындар департаменті

директорының орынбасары

Бүрлібаев Мәлік
Жолдасұлы

- Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі "Қазгидромет" республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қазақ қоршаған орта мен ауа райының мониторингі ғылыми-зерттеу институтының директоры

(келісім бойынша)

Молдағалиев Марат
Әбілқайырұлы

- Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі "Қазгидромет" республикалық мемлекеттік кәсіпорны өлшеу құралдары қызметінің

бастығы (келісім бойынша)

Мұртазин Ермек
Жәмшитұлы

- Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі "Қазгидромет" республикалық мемлекеттік кәсіпорны қоршаған ортаның ластануы

мониторингі орталығының
директоры (келісім бойынша)
Сейтімбетова Сәуле - Қазақстан Республикасының
Мырзаханқызы Сыртқы істер министрлігінің
Шарттық-құқықтық департаменті
мемлекеттік шекара бөлімінің
үшінші хатшысы.

О қ ы ғ а н д а р :
Б а г а р о в а Ж . А .

Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК